

3

Жетпіс жылдық
белес

4

Жергілікті
команданың жеңісі

Сыр бойы

№87 (21162)

16 маусым, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ӨЗАРА ТИМДІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Қаржы корпорациясының халықаралық даму жөніндегі атқарушы директоры Бен Блэкті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев мейманға ілтипат танытып, бұл сапар Вашингтонда қол жеткізілген келісімдердің жалғасы, сондай-ақ АҚШ-пен сан қырлы ынтымақтастықты тереңдету жолындағы маңызды қадам саналатынын атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, Ақ үй әкімшілігіне Дональд Трамп келгеннен бастап Вашингтон Астанамен және Орталық Азия аймағымен ықпалдастықты айтарлықтай жандандыра түскен.

– Біз АҚШ Президентінің дипломатияға деген батыл көзқарасын және прагматикалық ұстанымын толық қолдаймыз. Қазақстан Американың Ибраһим келісімдері, Бейбітшілік кеңесі, TRIPP бастамасы және басқа да негізгі жобаларын ілгерілетуге белсенді аталысуда. Бірлескен күш-жігеріміз бүгінде бұрынғыдан да беки түскен кеңейтілген стратегиялық серіктестігімізге тиіс серпін берді. Сіздің сапарыңыз Қазақстандағы ауқымды саяси және экономикалық өзгерістермен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл реформалар елімізді ресурстарға тәуелді модельден білімге бағдарланған әртарапты экономикаға көшіруге бағытталған. Корпорацияңыздың инвестициялық басымдықтары Қазақстанның даму күн тәртібіне сай келеді. Біз нақты әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа дайынбыз, – деді Президент.

Бен Блэк қонақжайлық көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, Алматыда Қазақстанның іскерлік қауымдастығымен өте нәтижелі әрі мазмұнды кездесу өткеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған кездесулер екіжақты байланыстарды кеңейту тұрғысынан өзекті екеніне және қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты іске асыру қажеттігіне айрықша назар аударды. Мемлекет басшысы Қазақстан тарапы бірлескен инвестициялық жобаларды қолға алуға дайын екенін растады.

Кездесуде аса маңызды минералдар, өзара көлік байланысы, агроөнеркәсіп кешені, цифрландыру және жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастық перспективасы талқыланды. Сонымен бірге Қазақстанда АҚШ Қаржы корпорациясының халықаралық даму жөніндегі тұрақты өкілдігін ашу мәселесі қаралды.

/// САПАР

НАҚТЫ ЖОБАЛАР НӘТИЖЕГЕ ЖЕТКІЗЕДІ

«Жаңақорғанның туристік әлеуетін тиімді пайдаланып, нақты жобаларға айналдыру керек. Қаратаудың етегінде орналасқан ауданның табиғи ерекшеліктері, тарихи орындары мен шипажайлары, мәдени-рухани құндылықтары ішкі және сыртқы туризмді дамытуға мүмкіндік береді».

Бұл туралы облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов Жаңақорған ауданына жұмыс сапарымен барғанда айтылды. М.Нәлібаев атындағы ауыл тұрғындарымен және Жаңарық, Өбдіғаллар, Өзген ауылдарының ақсақалдарымен кездесуде, «Руханият орталығында» өткен жиында өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағыттары мен алдағы міндеттер талқыланды.



Кездесуде аймақ басшысы өңдеу өнеркәсібін дамыту, өндіріс көлемін ұлғайту, инвестиция тарту және жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған жобаларды қолдау қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, ауданның туристік әлеуетін тиімді пайдаланып, нақты жобаларды жүзеге асыруды тапсырды.

– Өндіріс, өңдеу өнеркәсібі саласына жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы, жұмысты күшейту керек.

2023 жылдан күріш көлемі 1147 гектарға қысқарған. «Ауыл аманаты» жобасы ұсынған мүмкіндіктерді пайдалануды тапсырамын. Ауданда 175 шаруашылық каналы бар, оларды бетондау жобаларын әзірлеудегі жұмысты жеделдетіңіздер, – деді аймақ басшысы.

Кейінгі төрт жылда барлық ауданда жаңадан 1800-ге жуық пәтер пайдалануға берілсе, оның 254-і Жаңақорған ауданында. Сапасына қатысты кемшіліктерді мердігер мекемелер толықтай қалпына келтірді. Биыл да тұрғын үйлер салу жоспарланған.

Осы ретте облыс әкімі салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары, құрылыс бөлімінің басшысына дайындық жұмыстарын ұйымдастыруды міндеттеді.



Ауданда газдандыру деңгейі 53 пайыз, бүгінде 5 елді мекенге жоғары қысымды газ құбыры салынуда. Аудан әкімдігі облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен бірлесіп, ауылдарды кезең-кезеңімен табиғи газға қосу жұмысын ұйымдастыруы тиіс.

2-бет

ЖЕДЕЛ ЖӘНЕ ТИІМДІ КӨМЕК ЖҮЙЕСІ

Елімізде жүзеге асып жатқан «Ауыл құтқарушылары» республикалық бағдарламасының мақсаты – өртке қарсы қызметі жоқ шалғай елді мекендерде жедел және тиімді көмек жүйесін құру. Табиғи жағдайлар мен қашықтықты ескере отырып, тұрғындардың қауіпсіздігіне уақытылы ден қою өте маңызды. Бүгінде осы бағдарлама шеңберінде аймақта 35 бекет салынған.



2-бет

/// МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

БАЛАНЫҢ САУЛЫҒЫ ҮШІН САПТА ТҰРҒАН

Бір салада елеулі еңбек етіп, білікті маман атану – зор жетістік. Белгілі хирург, травматолог-ортопед Олжас Құрбанбаев денсаулық сақтау саласының майталманы ретінде көпке үлгі. Жас болса да жауапкершілік жүгін абыроймен арқалап келеді.

Дәрігердің жеткен жетістігі – ел мерейі. Ол бала күнінен білімге құштар болды. Мектепті ойдағыдай бітірген соң, Алматы қаласындағы С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің педиатрия факультетіне түсті. Оқуын сәтті аяқтап, одан әрі балалар хирургиясы мамандығын тамамдады.



4-бет

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚАЗАЛЫ: ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ – ХАЛЫҚҚА

Облыстағы батыс ауданның бірі Қазалы аумағын Сырдария кесіп ағады. Он бестен астам ауыл сол өзеннің арғы бетінде қоныстанған. Орталыққа келетін жұрттың үресі көп қой. Бірі әлдебір құжаттың, енді бірі азық-түліктің қамын ойлап бергі бетке ағылады. Қазақтың той-жыны көп екенін ескерсек, осындағы ағайынның қуаныш пен қайғысына ат ізін салатындар бар. Әйтеуір, өзен үстін кесіп өтуге тура келетін. Қазір мұндағы «Әлсейіт» темір-бетонды көпірі салынғалы бұрынғындай ауыртпалық жоқ. Айтпақшы, ауыртпалықтың өзі былай басталатын...

ҚАЛҚЫМАЛЫ ҚАЙЫҚ НӘМ АБЫРЖЫ

Рас, Қазалыда «абыржы» деген ұғым бар. Жергілікті халықтың ауызекі тілінде көп естисіз. Әсіресе, көктем мен күз айларында. Сең жүріп, ел сергелдене түсетін. Аты айтып тұрғандай, жұрт абыржып, асып-сасып уақыт. Дұрысы, арғы беттегі халықтың орталыққа деген жол қатынасы қиындайды. Дария үстіндегі қалқымалы көпірді мұз ығызады. Дер кезінде үлгірсе, онысын су жағасына ауыр техникамен тартып қояды. Қашан ауыр мұз тенізге құлағанша солай.

Мұндайда арғы беттегілер апталап аудан орталығына бара алмайды. Баруға да болады. «Басықара» су плотинасымен үш-төрт сағат уақытты алға салып Қазалыға да жетер.

Бірақ бәрібір тиімсіз. Тек алты жыл бұрын «Әлсейіт» көпірі іске қосылған соң ауданға қарасты Майдақөл, Ү.Түктібаев, Бекарыстан би, сондай-ақ Арал ауданының Жаңақұрылыс, Қаратөрең, Қызыл-жар мен Шөмішкөлдегі ағайынға қуаныш сыйлады. Қазалыға қарай уайымсыз аттана беретін болған.

Қазір дәл осындай өткелден көпір салу ісі жүріп жатыр. «Қарлан» учаскесі деп аталатын Сырдария өзенінің тұсынан 10 ауылдың тұрғындары ауданға жиі сапарлайтын. Бір шикілігі 2022 жылы басталған темір-бетонды көпір құрылысы жиі тоқтап қалған.

3-бет



Валюта бағамы: \$ 489,33 kzt

€ 570,48 kzt

₸ 6,74 kzt


Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +34°

☁️ +23°

Сәрсенбі ☁️ +33°

☁️ +22°

БАСПАСӨЗ – 2026

ҚҰРМЕТТІ
ОҚЫРМАН!2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ«Сыр бойы» газетіне жазылу
бағасыжекелер үшін:
6 айға – 5000 теңге
мекемелер үшін:
6 айға – 10000 теңге

ЖЕДЕЛ ЖӘНЕ ТИІМДІ КӨМЕК ЖҮЙЕСІ



Ауылдық жерде төтенше жағдай болғанда алғашқы минуттар шешуші рөл атқарады. Бүгінде елімізде арнайы дайындықтан өткен еріктілерді біріктіретін «Ауыл құтқарушылары» ерікті өрт сөндіру пункттері жұмыс істейді. Бұл – ТЖМ-нің кәсіби күштері келгенге дейін әрекет етіп, алғашқы шараларды қабылдайтын ауыл тұрғындары.

Еріктілерді іріктеу және дайындау белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі. Ведомстволық бағдарлама аясында теориялық және практикалық дайындықтан өтеді, өрт сөндіру құралдарымен жұмыс істеуді, алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуді үйренеді.

Төтенше жағдай кезінде олар бірінші болып әрекет етеді, жағдайды бағалайды, өз мүмкіндіктері шегінде өртті оқшаулау шараларын жүргізеді, радиобайланыс арқылы ақпарат беріп, кәсіби өрт сөндірушілерді шақырады.

Өткен аптаның соңында Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Өрінов, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов «Ауыл құтқарушылары» республикалық бағдарламасы аясында Арал ауданының Қамыстыбас және Қазалы ауданының Жанқожа батыр ауылдық округтерінде салынған өрт сөндіру пункттерін ашылу рәсіміне қатысты.

Рәсімде Шыңғыс Өрінов сөз сөйледі. Облыс әкімінің орынбасары төтенше жағдайлардың алдын алуға, тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі өрт сөндіру бекеттерінің маңыздылығына тоқталды.

– Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің тапсырмасымен азаматтық

қорғау саласын жетілдіруге, төтенше жағдайлардың алдын алу шараларын күшейтуге, материалдық-техникалық базасы мен кадрлық әлеуетін арттыруға айрықша басымдық беріледі. Бүгін міне, Арал мен Қазалының Қамыстыбас, Жанқожа батыр ауылдарында өрт сөндіру пункттерін ашамыз.

Жалпы төтенше жағдайдың алдын алып, адам өмірін құтқару – жоғары әрі жауапты миссия. Елдің амандығы, қоғамның тыныштығы үшін өз өмірін қатерге тігу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Осы салада аянбай еңбек етіп жүрген қызметкерлерге барша Сыр жұртышылығының атынан зор алғысымды білдіремін! Бүгінгі жаңадан табыстағалы тұрған заманауи техникалар ел игілігіне қызмет ете берсін, – деді Бахыт Дүйсенұлы.

Өңірде 2023-2025 жылдары 2 млрд теңгенден астам қаржыға 17 өрт сөндіру техникасы, 4 арнайы жабдықталған жеңіл автокөлік, 90 цифрлық радиобайланыс жүйесі, 50-ден астам құрал-жабдық алынды.

Биыл 2,8 млрд теңгеге 20 өрт сөндіру автокөлігі сатып алынады деп жоспарлануда. Жаңа техникалар алдағы уақытта ел игілігіне табысталады.

Ертеңіне облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, ҚР Төтенше жағдайлар министрі, генерал-лейтенант Шыңғыс Өрінов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары және ел ағаларының қатысуымен азаматтық қорғау саласының қызметкерлеріне 11 заманауи өрт сөндіру және арнайы жабдықталған жеңіл автокөлік кілтін табыстау рәсімі өтті.

Рәсімде облыс әкімі саланы қолдау мемлекеттің маңызды бағыттарының бірі екенін атап өтті.

– Облыс, аудан орталықтарынан шалғайда орналасқан елді мекендердегі халықтың қауіпсіздігі аса маңызды. Осыған орай күні кеше Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Сайранұлы Аралдағы Қамыстыбас және Қазалыдағы Жанқожа батыр ауылдық округтерінде «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында салынған өрт сөндіру пункттерін табыстады.

Бүгін аталған бағдарламамен Қарауылтөбеде салынған өрт сөндіру бекетін ресми түрде іске қосамыз. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласы мен



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Табиғи және техногендік апаттар туындаған кезде құтқарушылардың еңбегі ерекше мейлінше маңызды болып келеді. Мемлекет сіздердің қажырлы еңбектеріңізді бағалайды» деген болатын.

Азаматтық қорғау органдары – төтенше жағдайлардың алдын алу және жоюға бағытталған жұмысты атқаратын еліміздегі маңызды құрылымдардың бірі. Олардың басты міндеті – өз өмірлерін қауіп-қатерге тіге отырып, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің тапсырмасымен қолдау шаралары жүйелі жүргізілуде. Біз бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастырамыз.

Бүгінгі жаңадан табыстағалы тұрған өрт сөндіру техникалары игіліктеріңізге қызмет етсін! Еліміз тыныш, халқымыз аман, Тәуелсіздігіміз баянды болғай! – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Шара соңында аймақ басшысы және Төтенше жағдайлар министрі жаңа техникалар мен жеңіл көліктердің кілтін салтанатты түрде табыстап, №6 өрт сөндіру бөлімінің жұмысымен танысты.

Осы күні Қарауылтөбе ауылдық округіндегі кезекті өрт сөндіру бекетінің де ашылу рәсімі өтті. Облыс әкімі төтенше жағдайлар қызметінің техникалық әлеуетін арттыру және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

«СБ» ақпарат

НАҚТЫ ЖОБАЛАР НӘТИЖЕГЕ ЖЕТКІЗЕДІ

Айта кетейік, аудан экономикасының негізгі салаларында тұрақты даму үрдісі сақталып, бірқатар бағыт бойынша оң нәтижеге қол жетті. Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 105,6 пайызға артты. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 25,3 млрд теңге болған. Құрылыс жұмыстарының көлемі, пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы жағынан да өсім бар.

Кездесуде тұрғындар мен ауыл ақсақалдары ауданның дамуына қатысты өзекті мәселелер мен ұсыныстарын ортаға салды. Аймақ басшысы көтерілген әрбір мәселе жан-жақты зерделеніп, тиісті заңды шешім қабылданатынын жеткізді.

ЖАҢА ҒИМАРАТ МЕДИЦИНА МҮМКІНДІГІН КЕҢЕЙТЕДІ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапары барысында көпбейінді орталық ауруханана жапсарлас салынған жаңа қосымша ғимаратты аралап көрді.

Медициналық қызмет сапасын арттыру және тұрғындардың заманауи диагностикалық қызметтерге қолжетімділігін кеңейту мақсатындағы құрылысты «Дәнекер құрылыс компаниясы» жүргізген. Оған 792 млн теңге қаржы бөлінген.

Жалпы ауданы 1212,06 шаршы метр, екі қабатты, цокольдік қабаты да бар ғимарат 9 төсек-орынға арналған. Заманауи магниттік-резонанстық томография аппараты орнатылатын болады. Жаңа ғимарат аудан тұрғындарының жоғары технологиялық-диагностикалық қызметтерге қолжетімділігін арттырып, ауруды ерте анықтау мен сапалы медициналық көмек көрсету мүмкіндіктерін кеңейтеді.



Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасы 245 төсек-орынға есептелген, ғимараттың жалпы көлемі 5852,4 шаршы метр, үш қабатты, бес блоктан тұрады. Заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Қабылдау бөлімшесі, хирургия, терапия, перзентхана және гинекология бөлімшелері, зертхана, нейрореабилитация, жұқпалы аурулар, реанимация бөлімшелері жұмыс істейді. Сонымен қатар, күндізгі емдеу бөлімі, сәулемен емдеу, рентген, трансфузиология, ультратыңдаулық зерттеу, жүкті әйелдерге арналған УДЗ аппараты және компьютерлік томография қызметтері көрсетіледі.

Бүгінде ауруханада 1520 қызметкер аудан тұрғындарының денсаулығын сақтау мен нығайту бағытында жүйелі жұмыс атқаруда. Медициналық мекеме жеке қазандық арқылы сұйытылған газбен жылытылады.

ЕГІН – ЕЛ НЕСІБЕСІ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың Жаңақорған ауданына жұмыс сапары Сұнақата ауылындағы «Өмір» шаруа қожалығының егін алқаптарын аралаумен жалғасты. Сондай-ақ аймақ басшысы осы сапарда «Сығанақ» қалашығын зерттеу жұмыстарының барысын да бағамдады.

Шаруашылық орта есеппен жылына 200 тонна күріш және 400 тонна көкөніс-бақша өнімдерін өндіреді. Өнімдері Қызылорда және Түркістан облыстарының ішкі нарығына жеткізіледі. Заманауи агротехнологиялармен және техникамен жабдықталған. Атап айтқанда, «Беларус 1221» тракторы, «Class» комбайны, ХТЗ техникасы, жүк тиегіштер, лазерлі тегістегіштер, КамАЗ көліктері және агродрондар қолданылады. Бұл егін шаруашылығын цифрландыру мен өндіріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Биыл аймақта 89,7 мың гектарға дәнді дақылдар, 6,1 мың гектарға майлы дақылдар, 73,2 мың гектарға малазықтық дақылдар, 16,8 мың гектарға картоп, көкөніс және бақша дақылдары егілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес күріш көлемі 10,9 мың гектарға қысқартылып, 70 мың гектар болды. Бұл кадам су ресурстарын тиімді пайдалану және егін құрылымын әртарапандыруға бағытталған.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қолда бар 3975 техниканы толық жөндеуден өткізді. Қажетті минералдық тыңайтқыштардың жалпы көлемі 65,6 мың тонна, оның 11 мың тоннасы отандық өнімдер есебінен қамтамасыз етілуде.

Аймақ басшысы барған келесі нысан ортағасырлық Сығанақ қалашығы еліміздегі ең маңызды археологиялық ескерткіштердің бірі саналады. Қыпшақ хандығының, кейін Ак Орда мен және Қазақ хандығының астанасы болған тарихи қала орны. ЮНЕСКО-ның Дүние-жүзілік мұралар тізіміне енгізуге ұсынылған маңызды тарихи ескерткіштер қатарына кіреді.

Қазір мұнда ежелгі қамал дуалдарының іздері, төбешікке айналған құрылыс қалдықтары және археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған нысандар сақталған. Қалашық толық қалпына келтірілмегенімен, оның тарихи келбетін зерттеу, сақтау және қалпына келтіру бағытындағы жұмыстар жалғасуда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	А.Т.Ө.	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Қазбекова Мира Жомартқызы	Басқарма басшысы	Сәрсенбі 15.00-18.00	Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1-ғимарат	87242401191 (ішкі 5652)

«СБ» ақпарат

ЖАУАПТЫ БАСШЫЛАРҒА ТАПСЫРМА

Тасбөгеттегі бас су жинау қоймасының тәуліктік қуаты 56 500 текше метр, «Степль», «Арай» және «Бас тоғаннан» алынған таза су арнайы су сақтау қоймаларына жиналады. Кейін насос станциясы арқылы төрт су құбыры желісімен қала тұрғындарына жеткізіледі. Сырдария өзенінен алынатын су механикалық тазартудың бес кезеңінен өткізіледі. Зертхана мамандары ауызсудың сапалық құрамын тәулік бойы тұрақты бақылауда ұстап, тиісті сараптамалар жүргізеді.

Қала аумағындағы бірқатар нысанды жабайты басшыларға жұмысты жүйелі үйлестіріп, тұрақты бақылауды тапсырды.

Бүгінде «Қызылорда автобус паркі» ЖШС-ның 300 қоғамдық көлігі қала аумағына 32 бағыт бойынша қатынайды. Серіктестікте 700-ге жуық адам еңбек етеді. Мұрат Нәлқожаұлы жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруды жүктеді.

Келесі нысан – Абай даңғылы бойындағы тұрғын үйлер ауаларына салынып жатқан спорт және балалар ойын алаң-

дарының құрылысы. 1,9 млрд теңгенің жобасы аясында 29 тұрғын үйдің ауласына ойын, шағын футбол және воркаут алаңдары салынады. Бас мердігер – «Еңбек» РМК.

Өңір басшысы балалар қауіпсіздігін басты назарда ұстап, құрылысты сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды.

Бұдан кейін Қорқат ата атындағы Қызылорда университеті жанынан бой көтеріп жатқан Инжинирингтік парктің құрылыс алаңына барды. Парк құрамында археология және физика-химиялық талдау әдістері зертханалары, жасанды интеллект және академиялық басымдық орталықтары, робототехника, жерді қашықтан зондау және IT зертханалары жұмыс істейді. Сонымен қатар 90 орындық дөрісхана, 140 орындық конференц-зал және заманауи компьютерлік аудиториялар қарастырылған. Нысанды осы жылы пайдалануға беру жоспарланған.

ИГІЛІКТЕН ШЕТ АЙМАҚТАР ШЕТІН ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Кейінгі жылдары «BI Group» компаниясының ауқымды инвестициялық және инфрақұрылымдық жобалары өңір келбетін жаңғыртқаны белгілі.



Атап айтқанда, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы – бір мезетте 500 оқушыны, тәулігіне 3 мыңға дейін баланы қабылдайтын кофункионалды орталық. Мұнда спорттық және шығармашылық үйірмелермен қатар, робототехника, жасанды интеллект, 3D модельдеу және түрлі оқу-зертханалық кабинеттер жұмыс істейді.

Ботаникалық бақ – экологиялық мәдениетті дамытуға және жана қоғамдық кеңістіктер құруға бағытталған жоба. Бақта әлемнің әр аймағынан әкелінген 92 түрлі 3300-ден астам өсімдік өсіріледі, нысан заманауи микроклиматтық және суару жүйелерімен жабдықталған.

Жақында пайдалануға берілген «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы халықаралық стандарттарға сай, 300 орынға арналған кофункионалды кешен ретінде қызмет атқарады. Құрамында әкімшілік блок, event-аймақ, жатақхана бар.

Бұдан бөлек, қалалық мәдени-демалыс паркі мен Президент саябағы қайта жаңғыртылып, заманауи демалыс аймағына айналды. Мұнда субұрқақтар, амфитеатр, спорт және ойын алаңдары, жүгіру, велосипед жолақтары салынып, 31 гектар аумаққа жасыл желек егілді.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев «BI Group» компаниясының акционері, директорлар кеңесінің мүшесі Бауыржан Исабаевпен кездесіп, өңірде инвестициялық жобаларды іске асыру, инфрақұрылымды дамыту, қошелдерді абаттандыру және қаланың шет аймақтарына әлеуметтік нысандар салу мәселелері талқыланды.



Қазалы: ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ – ХАЛЫҚҚА



– Аудандық маңызды бар «Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Қаукей» автомобиль жолының 16-шы шақырымында «Қарлан» көпірінің құрылысы басталған болатын. Алайда мердігер мекеме «СтандартОйлКзо» серіктестігінің жауапсыздығынан құрылыс тоқтап қалды. Өзіне жүктелген міндеттемелерін толық орындамау салдарынан бытыр соң процестері жүрді. Келісімшарт бұзылды. Одан соң көпір құрылысын аяқтау үшін қайтадан мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланған еді. Қазір жеңімпаз болып «НұрлыТау ЛТД» ЖШС анықталды, – дейді Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев.

Әкім орынбасарының айта-тындай бар екен. Өзіміз көргендей, қазір көпірдегі тіршілік қайта түлген, 80 адам жұмыс істейді. 20-дан астам техника-Қазалы да байқалды. Көпірдің негізгі бөліктерін орнату және бетон тіреулерін құю жұмыстары қайта жалғасып, қазір астыңғы 8 тіреудің 4-еуі орнатылған.

– Көпірдің жалпы құны 6 млрд 746 млн теңге, биыл 2 млрд 210 млн теңге қаралып отыр. Аудан басшысы мердігер компания өкілдерімен жиі кездеседі. Жұмыс сапасы мен оны мерзімінде бітіру жайында сын-ескертпелер айтылады. Қалағалау тоқтамайды. Енді 250 метрлік көпір жыл соңына дейін бітсе, ауданға қарасты Бірлік, Қожабақы, Аранды, Бозкөл, Лақалы, Ажар, Тасарық және Қаукей елді мекенінде тұратын 10 мыңнан астам халықтың орталықпен қатынасы дұрысталаыны анық, – дейді әкім орынбасары.

дегенше, сеннің уақытында талай адам да, көлік те суға кетті емес пе? Алғаш құрылыс басталғанда қуандық. Артынша ісі сұйылып, тоқтап тұрды. Енді міне, көпірді салу қайта басталғанын естіп, қуандық. Тезірек бітсе, ауыл адамдарының айтар рақметі көп, – дейді Қожабақы ауылының ақсақалы Қуанбай Рахмет.

Ауыл қариясы Тілек Мақамашовтың айтуынша, дарияның арғы бетіндегі Қожабақы ауылы 1964 жылы құрылған. Күрші өсіруден бөлек, мал басын да көбейтті. Қазір де осы кәсіпті жалғастырып отыр. Сыр салысын егетін шаруашылықтан бөлек, өз бетінше кәсіп ашып, «Ауыл аманаты» бағдарламасымен асылтұқымды мал бағатын ағайын жетерлік. Ауылдық округке қарасты Аранды елді мекені маңынан бақша дақылдарын өсіріп отырғандар бар. Жалпы ел ішінде әр салада 91 кәсіпкер жұмыс істейді.

– 280-нен астам шаңырақ тұрады. Бұған дейін 13 көшенің 8-не асфальт төселді. Қалғаны өз кезегімен дұрысталады. Жоспарға да еніп тұр. Бір жақсы жаңалық, өткен жылы ауылдың электр желілері мен бағаналарын толық ауыстырдық. Түнгі жарықшамдары да түгел қойылды, 8 трансформатор орнатылды. Кеңес кезінен кейін жөнделмеген инфрақұрылымның дұрысталғанына тұрғындар қуанышты. Бұл – «Ауыл – ел бекісі» бағдарламасының арқасы, – дейді ауыл әкімі Әбілғазы Томаев.

Майдакөл елді мекенінде ауылдық клуб халыққа табысталған еді.

Төрт ауылға газ барса...

Қазалыға сапар барысында ең ірі инфрақұрылымдық жобалау аялданды. Расымен жүріп жатқан құрылыстың ауқымы кең. Бір мезгілде төрт ауылға «көгілдір отын» тарту – аса іргелі іс, қазір қарқын үлген.

Аудан әкімінің ұсынған мәліметке қарағанда, Қазалыдағы ауылдарды газдандыру 2022 жылы басталған. Сол жылы Басықара, Қ.Пірімов, Жалаңтөс батыр ауылдарына табиғи газ қосылса, 2024 жылдың аяғында Абай ауылы, ал бытыр Ақтан батыр ауылы тұтына бастады. Сол жылы Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл, Ү.Түктібаев елді мекендеріне газ жеткізуге 1 млрд 562,4 млн теңге қаржы бөлінсе, бытыр жобаны жалғастыруға 2 млрд 171,1 млн теңге қаралған.

Біз Жанқожа батыр ауылына аялап, ондағы құрылысты көрдік. Қазір көше бойы жерасты газ құбыры көміліп бітіп қалған.

– Қазір жұмыстың 95 пайызы аяқталды. Жерасты құбырлары толық тасталды. Ауылда 290 үй, 10 әлеуметтік нысан бар. Алдағы қыркүйек айында 1600-ге жуық тұрғын газ тұтынады деп жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ елді мекен ішіндегі 10 көшенің 9 көпесі асфальтталған. Бұған дейін бізде 300 орындық «Келешек мектебі» пайдалануға бе-

рділі. Ел азаматтары көбіне мал шаруашылығымен айналысады, – дейді ауыл әкімі Нұркен Сералиев.

Аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаевтың сөзінше, биыл осы төрт ауылдағы газ құрылысы толық аяқталды. Сонда саладағы көрсеткіш аудан бойынша 83 пайызға жетіп жығылмақ. Қазір газдандыру көрсеткіші 75 пайыз.

– Қатты отынды, яғни көмір тасымалдау қиындығы – бөлек әңгіме. Осы мәселе жыл өткен сайын біртіндеп шешіліп келеді. Екіншіден, аудандағы Ақсуат пен Байқожа ауылына газ апару үшін газ тарату станциясын салуға 1,8 млрд осы арқылы аталған елді мекендерге орамшылқ газ желісін жүргізуге 800 млн теңге және зирәнділі. Мұндай құжат Өркендеу, Бірлік, Қожабақы ауылдық округтеріне де дайындалған. 4,2 млрд теңге бюджеттік отын беріліп қойды. Дәл осылай қалған елді мекендерге «көгілдір отын» тарту жұмысы жалғаса бермек, – дейді Ж.Сүйеубаев.

Мұнан бөлек, Қазалының орталығы Әйтеке би кентінде жол инфрақұрылымын жақсарту бағытында бірқатар жоба бар. Соның бірі – Жанқожа батыр көшесінің айналасына жолны қайта жаңғырту. Қазір жер тегістеу, тас төсеу, каналдарға темірбетон плиталарын орнату жұмыстары толық аяқталған. Енді жолға қиыршық тас пен асфальт төселуде.

«Жол 3,192 шақырым, құрылысы «Қазалы Жолшы» ЖШС қолға алған. Шілде айына дейін

толық аяқтап, пайдалануға беру жоспарлануда. Айнама жол – кент орталығындағы көлік қозғалысын реттеуге, Жанқожа батыр көшесіндегі жүктемелі азайтуға және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды инфрақұрылымдық жобалардың бірі», деп жазады аудан әкімінің ресми мәліметінде.

Жалпы кентте В.Счастнов орамы, Жанқожа батыр көшесінің 3 шақырымдық бөлігі, Теремурат жырау орамы, Ы.Жақаев және Ш.Қалдаяқов көшелерін қоса алғанда 13 көшеге ағымдағы жөндеу жүргізілуде. Сонымен қатар, Р.Сабырбаев, С.Сейфуллин, Біржан сал, Жалаңтөс батыр, Ж.Аймауытов, М.Шоқай және С.Сүлейменов көшелеріндегі тозығы жеткен асфальт жабындарын жаңарту қолға алынған.

Жол жөндеу жұмыстарымен қатар, ауданда жаяу жүргіншілер жолы төселуде. Қазір Т.Берікұлақов және Жетес би көшелеріндегі 2,5 және 1,6 шақырым болатын құрылысы «Ақпұр Авто» мен «Айым Алтын» мердігер мекемелері жүргізіп жатыр.

Түрленген теміржол вокзалы

Бытырдан бері республикада 125 теміржол вокзалы жанауда. Бұл жұмыс Сыр елінде де тоқтаусыз жүріп жатыр. Айталық, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 605 млн теңгеден астам қаржыға Қызылордадағы теміржол вокзалы мен аумағы түгелдей күрделі жөндеуден өтті. Қазір мұндай құрылыс Жанакорған, Шиеді, Жосалы, Төреғам, Қазалы, Арал, Сексеуіл вокзалында, Жалағаш пен Теренөзектегі қызмет көрсету пунктері мен Талап бекетіндегі жолаушылар платформасында да жалғасуда.

Қазалыдағы теміржол вокзалының тарихы тым теренде. Гимарат – XX ғасырдың басында салынған архитектуралық ескерткіштердің бірі. 1903-1905 жылдары «Орынбор-Ташкент» теміржол желісі жүргізілгені белгілі. Осы болат жолдың құрылысымен бірге бой көтерген вокзалдың іргетасы Ақирек тауынан қашалып, немірленіп дайындалған түйе керуенімен тасылған тастардан қаланған деседі. Қабырғалары күйдірілген кірпішпен өріліп, төбесі қанылтырған ағайын. Вокзал ғимаратына соңғы рет 2013 жылы күрделі жөндеу жүргізілді.

– Бытыр суыр айының ортасында «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы арқылы қаржыландырылып, вокзал ғимаратына жөндеу жұмыстары басталды. Жөндеу кезінде іргетас пен қабырғаларын нығайту, шатырды ауыстыру және есік терезелерді жаңарту, жолаушыларға арналған құту залдарын заманауи стандарттарға сай жабадықтау, мүмкіндігін шектеулі азаматтарға пандустар салу, қауіпсіздік жүйелерін орнату сияқты жұмыстар толық аяқталды. Қазір кейбір ішкі әрлеуден бөлек, вокзал аумағын көгалдандырып, түрлі-түсті тас төсеніштерін төсеу секілді бірқатар ауқымды жұмыс атқарылууда. Қосымша жарықтандыру да бар. Қазалы вокзалы тәулігіне 12 жолаушы пойызын қабылдайды. Сондай-ақ 400 адамға дейін қызмет көрсетеді, – дейді мердігер мекеме «Бак Берек» ЖШС өкілі Мәділхан Файзуллаев.

Расымен де теміржол вокзалын күрделі жөндеуден өткізу – уақыт талабы және стратегиялық маңызды қалам. Бұл жоба көлік қатынасының тиімділігін арттыру қана қоймай, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң әсерін тигізбек.

Айтпақшы, өткен жылы вокзал жанындағы 70 жыл бұрын салынған, теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілер көпірінде құрылыс басталып, жыл басында пайдалануға берілді. Қазір жана аспалы көпір арқылы теміржолдың арғы бетінде тұратын 13 мың адам қатынайды. Аталған құрылысты «ҚазТеміржол Engineering» ЖШС жүргізген еді. Оған «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ 1,3 млрд теңге қаржы бөлген. Жоба бойынша өткелдің ұзындығы 168 метр болса, ені – 3,2, биіктігі – 8 метр.

Сөз соңы. 80 мыңға жуық халқы бар Қазалы ауданындағы инфрақұрылымдық жобалар сәтімен жүріп жатқандай. Ірі кәсіпорын не өндірістік құрылымы болмаса да, әу бастан кәсіп ашу мен саудаға бейім елдің ішінде жанару мен жаңғыруға деген құлшынысты байқалды. Әсіресе, халыққа қажетті әлеуметтік ғимараттар тұрғызу мен ауысу, газ, жарықтандыру, жол салу ісі жоспарлы түрде жүреді. Бұл – тұрғындар талабы мен сұранысы. Расымен де Президент пен Үкімет, облыс басшылығының қолдауы қазалықтардың қуанышын еселей түскендей.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»,
Қызылорда-Қазалы-
Қызылорда

«Қызылорда» су торабы: ЖЕТПІС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС

1956 жылғы 23 маусымда өңірдің даму тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі болды. Ол «Қызылорда» су торабының бастапқы пайдалануға берілуімен байланысты. «Қызылорда» су торабы елдің азық-түлік бағдарламасын шешу үшін ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамытудың негізгі бағытына айналды.



Ауқымды гидромелиоративтік жұмысты, магистральдық және таратушы суару каналдарын, коллекторлық-дренаждық жүйелерді, бөгеттер мен гидротехникалық құрылыстарды салуды талап етті.

Бұл игі істің жүзеге асуында экскаватор машинистерінің ролі айрықша болды. Олардың кәсіби шеберлігі мен қажырлы еңбегінің күші атыздарын қалыптастыру және суды жеткізуге, бұруға әрі таратуға арналған күрделі гидротехникалық жүйені салу техникалық жағынан мүмкін емес еді.

Өңір тарихы оны мекендеген адамдардың тағдыры мен еңбек жетістіктерінен құралады. Сондықтан Қызылорда облысының бүгінгі келбетін қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосқан, адал еңбегімен ел дамуына қызмет еткен азаматтардың есімдерін ұмыт қалдырмай, халық жадында жаңғырту аса маңызды.

Олардың бірі Нұртай Штатбаев – мелиоратор-механизатор, экскаватор машинисі, тыл және еңбек ардагері «Қызылордаводстрой» тресінің №30 жылжымалы механикаландырылған колоннасына жұмысқа шақырылды.

Нұртай экскаваторлардың әр түрінде, қазу шөміші арқанда ілулі тұрған және жету қиын жерлерде, өзен сағаларында жұмыс істеуге арналған сол кездегі ең қиын және ауыр инженерлік машиналардың бірі экскаватор-драглайна шебер жұмыс істеді.

Ол Қармақшы, Жалағаш, Теренөзек, Шиеді, Жанакорған және Арал аудандарында мелиорациялық жұмыстар жүргізуге тартылды. Жылдар бойы дала жағдайында, үйден алыс, күннің ыстығында және қыстың суығында, уақытпен есептеспей, Үкімет қойған міндеттер мен суармалы жерді игеру жөніндегі өндірістік жоспарды адал орындап еңбек етті.

Нұртай Штатбаев №30 жылжымалы механикаландырылған колоннада 30 жылдан астам уақыт жұмыс істеп, өн-

діріс озаты атанды. Ол жас мамандарға тәлімгерлік жасап, 20-дан астам экскаваторшылар бригадасын құрып, кәсіби тұрғыдан тәрбиелеп шығарды. Өзінің інісі Балабек Штатбаев, ұлдары Ақылбек пен Бердібекті еңбекке баулып, отбасылық бригада құрды. Бұл бригадалар өңірдегі мелиорация саласының дамуына елеулі үлес қосты.

Олар ауыр техниканы алғаш игерген ізашарлар ретінде қалады. Дәл осы азаматтар Қызылорда өңірін құршы шаруашылығының ірі орталығына айналдырған, ел арасында «Су Жібек жолы» атанған ауқымды мелиорациялық жүйенің негізін қалады. Бұл игі іс жана елді мекендердің көбеюіне, облыс экономикасының қарқынды дамуына, экспорттық әлеуеттің артуына және өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығының нығаюына зор ықпал етті.

Экскаватор машинистері бейбіт заманда шын мәнінде ерлікке пара-пар еңбек жасалды. Олар ұлан-ғайыр дала төсінде күн сайын тынымсыз тер төгіп, жердің әрбір шақырымын игере отырып, су торабынан бастау алған суды құршы алқаптарына жеткізді.

Облыс аумағында ұзындығы жүздеген шақырымға созылған ірі суару жүйелері мен каналдар салынды.

Бүгінде «Қызылорда» су торабы арқылы ондаған мың гектар құршы алқаптарына су жеткізіліп, өңірдің аграрлық әлеуетін дамытуға қызмет етуде.

Н.Штатбаевтың ерен еңбегі «Құрмет белгісі» орденімен, бұрынғы Кеңес Одағы мен Қазақ КСР-нің медальдарымен және басқа да наградаларымен марапатталған.

Жас ұрпақ үшін еңбек адамның өмір жолы өз ісіне адалдықтың, кәсіби шеберліктің, тәлімгерліктің және туған жеріне деген шексіз сүйіспеншіліктің үлгісі бола алады.

М.МЕРЕЙ

Қожабақылық қариялар не айтты?

«Қарлан» мәселесін дарияның арғы бетіндегі ақсақалдар да айтқан. Бар тілек – көпір уақытылы бітіп, халыққа қажет жол қатынасының дұрысталуы. Өйтпесе, ауыр науқас не жүкті әйелдерді жоғарыда айтқандай, абыржы уақытында ауданға апару – қиямет-қайым тіршілік.

– Осы елде тудық, еңбек қылдық, зейнетке шықтық. Бұл «Қарлан» өткелінің жағдайы біздің бала күннен естіп, көріп келе жатқан мәселе еді. Мұз ұстасам

1-бет.



Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

Е-mail: smjarnama@mail.ru

/// ФУТБОЛ



ЖЕРГІЛІКТІ КОМАНДАНЫҢ ЖЕҢІСІ

Сол жағалаудағы «Қайсар Арена» стадионында жергілікті «Қайсар» мен Ақтау қаласының «Каспий» футбол командалары арасында Қазақстан Премьер-лигасының 13-туры аясында кезекті матч өтті.

Тартысты кездесудің алғашқы таймында «Қайсар» сапындағы Нұрдаулет Ағзамбаев пен Имо Эзикель қарсылас қақпасына гол соғып, команданы алғашқыларды. Осылайша жергілікті

команда 2:1 есебінде жеңіске жетті. Матчка облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов барып, жергілікті командаға қолдау білдірді.

БЕЛГІЛІ ДӘРІГЕРГЕ БЮСТ ҚОЙЫЛДЫ

Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында денсаулық сақтау саласының ардагері, білікті дәрігер Базарбай Атабаевқа қойылған ескерткіш-бюстінің ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты шараға республикалық медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығының басшысы Олжас Ысқақов, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Алмас Әбілпатта және сала ардагерлері мен қызметкерлері қатысты.

Олжас Ермекұлы Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың хатын оқып берді.

Сонымен қатар сала ардагері Тұрғанбай Маханұлы әріптесі Базарбай Асанбайұлы туралы естелік айтты.

— Азаматтың басында болатын асыл қасиеттер — адалдық, азаматтық, шыншылдық, тұрашылдық жас кезімнен білетін Базарбай Асанбайұлы Атабаевтың бойынан табылатын. Ең алдымен оның жасаған еңбегін, азаматтық қалпын, келбетін айту парыз. Облыста денсаулық саласында жасаған еңбегі, ойып алатын орны бар. Әріптестер арасында азаматтық болмысымен ерекшеленіп тұратын. Жаға ма, жақпай ма, тұрашыл, керек жерінде азаматтық мінез көрсетіп, әділеттілікті әрқашан танытып жүретін, құбылып өзгеруді жат көрген азамат. Тұн қанша ұзақ болғанымен, таң атпай, күн қанша ұзақ болғанымен, ұясына барып батады. Міне, бүгінде Базкеннің арам-ыздан кеткеніне де бірнеше жыл болды.



Ол денсаулық сақтау саласының қай қызметінде болғанда да белсенділігімен көзге түсіп, өрлеп, халық жадында сақталатын еңбектерімен ерекшеленді. Әр азаматтың тағдырына барынша байыпты қарады, денсаулық зардабын көріп, қиналған жандардың жадында десем артық айтқаным емес, — деді ол.

Базарбай Атабаев Сырдария ауданы 1-Май колхозында туған. Орта мектепті бітірген соң 1956-1958 жылдары



Қызылорда медицина училищесінде оқып, еңбек жолын фельдшер болып бастаған.

1961-1967 жылдары Алматы медицина институтының педиатрия факультетін бітіріп, туған жерге жолдамамен келіп, балалар хирургі болып орналасты.

1967-1970 жылдары Қызыл-

орда қалалық балалар емханасында балалар хирургі, қосымша теміржол ауруханасында хирург және облыстық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс аман талабына сай жабдықтап, республика көлеміндегі үздік медициналық мекемелердің біріне айналдыруға атсалысты.

Шарада сала қызметкерлері мен ардагерлер ардақты дәрігер рухына тағзым етіп, ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

БАЛАНЫҢ САУЛЫҒЫ ҮШІН САПТА ТҰРҒАН



Еңбек жолын Қызылорда қаласындағы №1 қалалық емханада балалар хирургі болып бастады. Ісіне аса ұқыпты маман айналасына сыйлы, абыройлы еңбек етті. 2013 жылы Алматы қаласындағы дәрігерлердің білімін жетілдіру институтында «Балалар травматология және ортопедиясы» мамандығы бойынша білім алды. Білімін жетілдіріп келгеннен кейін, облыстық медицина орталығына балалар травматолог-ортопеді болып орналасты. Күнделікті қабылдауға келген қаншама баланың тәні мен жанын қатар емдеді. Жүзі жылы дәрігерді балалар да жақсы көрді. Жарақат алған, туа бітті аяғы, мойны қисық, жамбас ұршығының түрлі ауруларына шипа тауып, балалардың айығып кетуіне қолынан келгенше көмгеннен аямады. Сондай-ақ білікті мамандық алаудан, ауылдан да іздеп келетіндер көп. Ондағысы баласына дұрыс диагноз қойдырып, қажетті ем-дом жасау. Өзіне артылған жауапкершілікті қалтқысыз атқарған дәрігер 2017 жылдан бері облыстық балалар ауруханасы «Нейрохирургия, травматология және ортопедия» бөлімінің меңгерушісі. Біліктілігін арттыру үшін Оңтүстік Кореяның «Северанс» клиникасында тағылымдамалардан да өтті.

Осылайша ағына адал, міндетіне жауапты маман 2019 жылдан «Нейрохирургия, травматология және ортопедия» бөлімінің балалар травматолог-ортопеді болып қызмет атқарып келеді. Облыстық балалар ауруханасына балалар сүйегі сынығына

бірнеше инвазивті және ортопедиялық ота енгізілді. Сондай-ақ ол облыстың штаттан тыс бас балалар травматолог-ортопеді.

— Балалар ортопедиясы туа біткен және жүре пайда болған сүйек-буын жүйесінің ауруларын анықтап, емдеумен айналысады. Олардың қатарына жамбас буыны дисплазиясы, маймақ аяқ, омыртқа қисаюу (сколиоз), аяқ-қол деформациялары сияқты аурулар жатады. Бұл дерттерді ерте анықтау ем нәтижесінің жақсы болуына мүмкіндік береді. Кейінгі жылдары балалар арасында түрлі жарақаттар да жиілеп кетті. Әсіресе жаз мезгілінде велосипедтен құлау, спорттық ойындар кезінде, көпқабатты үйден құлау, автокөлік апатынан болатын жарақат көп кездеседі. Сондықтан ата-аналар балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлуі қажет, жүйелі түрде профилактикалық тексерулен өткізіп тұруға кеңес беремін. Егер баланың жүрісі өзгерсе, аяқ-қолында қисықтық байқалса немесе қозғалысы шектелсе, міндетті түрде дәрігерге қаралған жөн. Қазір балалар ортопедиясы мен травматологиясында заманауи диагностикалық және емдеу әдістері кенінен қолданылуда. Оталардың жаңа түрлері енгізілуде. Ерте қойылған диагноз және уақтылы көрсетілген медициналық көмек көптеген асқынудың алдын алып, баланың толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік береді, — дейді Олжас Ізмұратұлы.

Маманның айтуынша, облыстық балалар ауруханасында нейрохирургия, травматология және ортопедия бөлімінде стационарлық көмек көрсетіледі. Онда 25 төсек-орын бар. Соның ішінде 12 травматология, 5 нейрохирургия, 5 күйік, 3 төсек ортопедия саласы бойынша стационарлық ем алады. 0-18 жасқа дейінгі балалар емделеді. Ауруханала балаларға травматология және ортопедия бойынша науқастарға заманауи оперативті емдеу әдістері кенінен қолданылады. Кейінгі кезде жарақат алу көбейген. Мұндай жағдайда дәрігер науқасқа дер кезінде қажетті ем-шараларын жүргізеді.

Міне, өзінің дәрігерлік жолында қаншама балаға нақты диагноз қойып, халықтың құрметіне бөленіп жүрген маманның қызметі күнделікті осылай жалғасады.

Дәрігердің еңбегі бағаланып, әр жылдары медицина саласына қосқан үлесі үшін облыстық балалар ауруханасының Алғас хаты, басқарманың Құрмет грамотасы, облыс әкімі орынбасарының Алғас хаты және Денсаулық сақтау министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мамандығына мансап деп қарамай, адамгершілік парызым деп білген ол кейінгі жас мамандарға тәжірибесін бөлісіп, білгенін де үйретіп келеді. Бастысы, ағына адал дәрігердің еңбегі жана берсін деп тілектестік білдірдік.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»



ВЕЙПТІҢ ЗИЯНЫ АЗ БА?

Вейп деп аталатын электронды темекі бүгінде тез таралып оның шылғым, қаламға немесе футуристтік гаджеттерге ұқсайтын нұсқаларын да көріп жатамыз. Жұмыс істеу механизмі бірдей, олар құрамында никотині бар сұйықты қыздырады.

Негізгі ингредиенттері — глицерин және пропиленгликоль. Мұндай сұйықтық қызған кезде темекі түтіні емес, бу пайда болады. Егер никотин болса, адам соның буымен демалады. Ал егер жон болса, хош иісі бар бумен тыныс алады. Көпшілік оны көдімгі темекіге қарағанда зияны аз балама деп санайды, бірақ бұл — қате түсінік.

Вейп адам денсаулығына қалай әсер ететінін айта кетсек, улы заттардың кесірі астма, пневмония, жүрек-қан тамырлары ауруларын өршітеді. Бұдың құрамындағы заттардың бір бөлігі өкпеге енеді, ал қалғаны қоршаған ортаны ластайды. Осының әсерінен өттегі жетіспеушілігі пайда болады. Сонымен қатар, дененің қартаюу процесі жеделдейді.

Улы түтін, оның ішінде вейптің құрамында бар дианетил өкпеді тыртық пайда болуына және бронхиттердің тарылуына ықпал етеді. Бұл диагноздың электронды темекімен байланысы алғаш рет 2019 жылы анықталды. Мәселен, электронды темекі шеккен 17 жастағы канадалыққа өкпе трансплантациясы қажет болды. Ол облитеративті бронхиттің ең ауыр түрімен ауырған.

Вейптен бас тарту — ең дұрыс шешім. Өз денсаулығымызды күтіп ұстау — біздің міндетіміз. Мен электронды шылғым шегуді бастамағанды жөн санаймын.

Дінмұхамед КӘКІМЖАНОВ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 1 курс студенті

/// ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

АЛҒАШҚЫ КҮНДЕР КӨРСЕТКІШІ

АҚШ, Канада және Мексикада өтіп жатқан 2026 жылғы футболдан Әлем чемпионатында бірқатар топтағы алғашқы турдың қорытындысы белгілі болды. Олардың арасында жанкүйер күтпеген көптеген нәтиже тіркелді.

Қазірге дейін дүниежүзілік додада бес мәрте кубокты төбесіне көтерген Бразилия құрамасы алғашқы турда Мароккомен 1:1 есебімен тең түсті. Тіпті бұл кездесуде олар қарсыласына есе жіберіп қоюы әбден мүмкін еді. Ойынның 21-минутында африкалық футболшы Исаэль Сайфари көздеген нысанадан мұлт кеткен жоқ. Оған 32-минутта бразилиялық Винисиус Жуниор бір голмен жауап қайырды.

Сондай-ақ доп додасын еуропалық бірқатар құрамалар сәтсіз бастады. 2002 жылғы Әлем чемпионатының қола жүлдегері Түркия бірінші турда Аустралияға 0:2 есебімен жеңілсе, Чехия Оңтүстік Кореяға 1:2 есебімен есе жіберді.

Ойындар нәтижесі
А тобы
Мексика — Оңтүстік Африка 2:0

Оңтүстік Корея — Чехия 2:1

В тобы
Канада — Босния және Герцоговина 1:1

Қатар — Швейцария 1:1

С тобы
Бразилия — Марокко 1:1

Ганга — Шотландия 0:1

Д тобы
АҚШ — Парагвай 4:1

Аустралия — Түркия 2:0

Е тобы
Германия — Кюрасао 7:1

Кот-д'Ивуар — Эквадор 1:0

Ғ тобы
Нидерланд — Жапония 1:1

Швеция — Тунис 5:1.

Енді G, H, I, J, K, L топтарында ойындар өткізіледі. Алдымен G тобында 15 маусымда Бельгия



— Египет ойнаса, 16 маусымда Иран — Жаңа Зеландия, **H тобында** Испания — Кабо-Верде, Сауд Арабиясы — Уругвай ойнайды. Одан кейін **I тобында** 16 маусымда Франция — Сенегал, 17 маусымда Ирак — Норвегия, **J тобында** Аргентина — Алжир, Аустрия — Иордания кездеседі.

Ал 17 маусымда K тобында Португалия — Конго ДР, 18 маусымда Өзбекстан — Колумбия, **L тобында** Англия — Хорватия, Гана — Панама ойнайды.

Айта кетсек, Әлем чемпионаты тарихта алғаш рет бірден үш елде — АҚШ, Канада және Мексикада өтуде. Турнир матчтары 11 маусым мен 19 шілде аралығында 16 қалада ұйымдастырылады. Сондай-ақ бұл FIFA тарихындағы ең ауқымды Әлем чемпионаты болмақ. Өйткені алғаш рет топтық кезеңде 48 ұлттық құрама бақ сыйайды.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz | https://twitter.com/syrboyi | www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақыл қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 21038 | Тапсырыс №1005 | Кезекші редактор Айсәуле ҚАРАПАЕВА